



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
БИОФИЗИКА, БИМЕДИЦИНА ЖӘНЕ НЕЙРОҒЫЛЫМ КАФЕДРАСЫ

III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
«Ғылым интеграциясы: биофизика, биомедицина,
нейроғылым»
30 МАМЫР 2024 ЖЫЛ, АЛМАТЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер, оқушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар!
Сіздерді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ардагері, биофизика, биомедицина және
нейроғылым кафедрасының доценті Асқарова Зифа Асанбайқызының 75
жылдығына, сондай-ақ биофизика, биомедицина және нейроғылым
кафедрасының, биология және биотехнология факультетінің және ҚазҰУ-нің 90
жылдығына арналған "Ғылымдардың интеграциясы: биофизика, биомедицина,
нейроғылым" атты III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына
шақырамыз.

Конференция пәнаралық тәсілдер арқылы қол жеткізілген интегративті
ғылымдардың жетістіктерін талқылау, пәнаралық интеграцияға жаңа серпін беру
және тұрақты ғылыми-техникалық прогресс, халықаралық ғылыми
ынтымақтастық және пәнаралық пікірталас алаңын ұйымдастыру мақсатында
өткізіледі.

Пленарлық сессияда әлемге әйгілі ғалым Шайкен Таттым, жасушаларды
фракциялаудың инновациялық әдісінің авторы, Хьюстон университетінің Peri-
Nuk Labs негізін қалаушы және бас директоры, Бэйлор медицина колледжінің
(Хьюстон, АҚШ) жетекші ғылыми қызметкері сөз сөйлейді.

Конференция материалдарының жинағын жариялау үшін биофизика,
биомедицина, неврология және биологиялық білім беру мәселелері бойынша
мақалалар және/немесе тезистер қабылданады.

Конференцияда Сіздерді көретінімізге қуаныштымыз!

Ұйымдастыру комитеті

Конференция ұйымдастырушылары

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;

Биология және биотехнология факультеті;

Биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасы.

Ұйымдастыру комитеті

М. С. Құрманбаева – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология және биотехнология факультетінің деканы, б.ғ.д., профессор;

А.К.Садвакасова – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Биология және биотехнология факультетінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық қатынастар жөніндегі декан орынбасары, б.ғ.к., доцент;

А.М.Кустубаева – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к., профессор, «Нейроғылымның теориялық және қолданбалы аспектілері» атты конференция секциясының жетекшісі;

С.Т.Төлеуханов – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биомедицина және нейроғылым кафедрасының профессоры, б.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, «Биофизиканың теориялық және қолданбалы аспектілері» атты конференция секциясының жетекшісі;

Н.Т.Аблайханова – б.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының қауымдастырылған профессор, «Биомедицинаның жетістіктері мен өзекті мәселелері» атты конференция секциясының жетекшісі;

Л.Ж.Гумарова – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биомедицина және нейроғылым кафедрасының профессоры, б.ғ.к., «Биофизиканың теориялық және қолданбалы аспектілері» атты конференция секциясының жетекшісі;

А.С.Каримова – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының доцентінің м.а., м.ғ.к., "Нейроғылымның теориялық және қолданбалы аспектілері" атты конференция секциясының жетекшісі;

Г.К.Датхабаева – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының меңгерушісінің ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық ынтымақтастық бөлімінің орынбасары, б.ғ.к.;

А. Казакбаева – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының оқытушысы.

Д. Исқақова – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының PhD докторанты.

А. Әшірбай – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының магистранты.

Г. Тәсібекова – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының PhD докторанты.

Конференция секциялары:

Конференция жұмысы келесі бағыттар бойынша жоспарланған:

Секция №1. Биофизиканың теориялық және қолданбалы аспектілері

Секция №2. Биомедицинаның жетістіктері мен өзекті мәселелері

Секция №3. Нейроғылымның теориялық және қолданбалы аспектілері

Секция №4. Биологиялық білім берудің теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелері

Конференцияның өтетін күні: 30 мамыр 2024 ж.

Конференцияның өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Биология және биотехнология факультеті.

Конференцияның өту форматы: Әлемге әйгілі ғалымның қонақ дәрісі Zoom платформасында, мастер-класстар ғылыми-зерттеу зертханаларында.

Конференцияның ресми тілдері: қазақ, орыс және ағылшын

Конференцияға қатысушылар қатысушы сертификаттарын алады.

Ұсынылған материалдарды сараптамалық бағалау нәтижелері бойынша жинақ жарияланады, ол ISBN тағайындалуымен электрондық форматта шығарылады. Бір материалды жариялау құны 2000 теңгені құрайды. Төлем Kaspi банк картасына +7 747 377 7458 (Айдана С.) нөмеріне жіберлуі қажет. Төлем туралы Чек, сондай-ақ антиплагиат анықтамасы мақаламен/тезистермен және өтініммен бірге бір хатпен жіберілуі керек.

Антиплагиат туралы анықтаманы алу үшін <https://www.antiplagiat.ru/> сайтына тіркелу қажет, құжатты тексеріс үшін жүктеп және тексеру аяқталғаннан кейін "нәтижелерді қарау" батырмасын, содан кейін "қысқаша есеп" бөлімін таңдап, "қосымша" түймесін басыңыз, "басып шығару нұсқасы" көрінеді, басып шығаруға жіберілген кезде "pdf ретінде сақтауды" таңдаңыз. Антиплагиат көрсеткіші **75% дан** кем болмауы қажет.

Конференцияға қатысу үшін **2024 жылдың 25 мамырына** дейінгі мерзімде тіркеу формасын және баяндаманың (мақаланың) мәтінін электрондық нұсқада, сондай-ақ төлем чегі және антиплагиат анықтамасын келесі e-mail-ге: **kafedra2022@internet.ru** DOC кеңейтілуімен Word форматындағы жеке файлдармен жіберу қажет. Электрондық хаттың тақырыбы: Конференция - қатысушының аты-жөні-секция нөмірі (мысалы: Конференция - Петров В. - 1). Файлдар файлдың мазмұнын нақтылаумен және бірінші автордың атымен көрсетіледі (мысалы: Петров_мақала, Петров_өтініш).

Тіркеу нысаны (өтінім)

Аты-жөні	
Ғылыми атағы, дәрежесі	
Қызметі	
Ұйымның толық атауы, Мемлекет, облыс, қала	
Телефон (қаланың кодымен)	
E-mail:	
Мақала (тезис) тақырыбы	
Қосалқы авторлар	
Жоспарланған секция	
Қонақүйді брондау қажеттілігі(ия /жоқ)	

Мақаланы ресімдеуге қойылатын талаптар

Жариялану үшін ұсынылатын барлық материалдар теориялық және практикалық маңыздылығы болуы тиіс, сонымен қатар таңдалынған секцияның тақырыбына сәйкес келуі керек, мұқият тексерілген, орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық қателер болмауы керек. Көрсетілген талаптарға сәйкес материалдар жарияланатын болады.

Жариялауға төмендегі талаптарға сай келетін мақалалар/тезистер ғана алынады:

I. Мазмұнына қойылатын талаптар

Жариялауға берілген материал болу керек:

- өзекті,
- өзіндік,
- қойылған мақсат орындалған болу керек.

II. Рәсімдеуге қойылатын талаптар

1. Тексттің көлемі 5 бетке дейін болу керек.
2. Парақ форматы А4, кітап ретінде беттеу; парақ параметрлері: жоғарғы, төменгі, оң, сол жақтары - 20 мм.
3. Microsoft Office WORD редакторы бойынша, шрифт - Times New Roman. Көлемі: мақала/тезис тақырыбы – 14 pt, бас әріптермен, қарайтылған; авторлардың аты-жөні – 14 pt, қарайтылған, курсив; мекеменің атауы, e-mail – 12 pt, курсив; аннотация – 12 pt, қалыпты; кілттік сөздер – 12 pt, қалыпты; "кілт сөздер" деген тіркес, - қарайтылған курсив 12 pt; негізгі текст– 14 pt, қалыпты; әдебиеттер тізімі - 12 pt, қалыпты. Тегістеу: баяндама тақырыбы, авторлар, мекеменің аталуы – орталық бойынша; қалғанының барлығы – ен бойынша. Абзац: 10 мм. Жоларалық интервал бірлік.
4. Латын тілінде түрлердің аталуы курсив бойынша жазылу керек. Сан бөлігі нүктемен белгіленеді. Суреттемелердің сілтемелері: Сурет 1, Кесте 2.
5. Формулалар WORD формулалар редакторы бойынша текстке қосылуы керек.
6. **Суреттер, фотографиялар және кестелер** (қандай да болсын түрлері екеуден артық болмау керек) текстке енгізілу керек. Графиктар мен кестелерде мәліметтер қайталанбау керек. Суреттер мен фото тек қара-ақ түсті және тек дюймде кем дегенде 300 нүктелерден тұратын *.jpg форматты болу керек. Суреттің сілтемелері 12 pt шрифт арқылы жазылу керек.
7. Әдебиеттердің сілтемелері квадрат жақшасында [1, 2] тексте кездесу қатары арқылу жазылу керек.

Журналдардағы мақалалар үшін

1 Тайпакова С.М., Бисенбаев А.К. Клонирование и экспрессия кДНК целлюлозогидролазы CEL7A гриба *Lentinula edodes* в *E. coli* и характеристика рекомбинантного белка // Биотехнология: теория и практика. - 2011. - №2. - б.41-49.

Еңбектер жинағы, баяндамалар, тезистер және т. б. үшін

2 Бисенбаев А.К., Тайпакова С.М. Клонирование и экспрессия гена термостабильной целлюлозогидролазы I гриба *L. edodes* в дрожжах // VI Московский международный конгресс Биотехнология: состояние и перспективы развития. - Москва. - 2011. - б.293-294.

Монографиялар мен кітаптар үшін

3 Кужир Т.Д. Антимутагены и химический мутагенез в системе высших эукариот. – Минск: Научная думка. - 1999. - 263 б.

Авторефераттар мен диссертациялар үшін

4 Воронов М.Г. Эколого-биологические основы повышения эффективности воспроизводства омуля в р. Селенге в современных условиях. - Дисс. ... канд. биол. наук. - СПб., 1993. - 180 б.

МАҚАЛАНЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ СХЕМАЛЫҚ МЫСАЛЫ

ӘОЖ.

ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫҢ БОЛАШАҒЫ

И.В. Иванов ¹, С.П. Крылов ²

¹ *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,*

² *Жану мәселелері институты, Алматы, Қазақстан, авторлардың бірінің e-mail*

- Аннотация.
- Кілттік сөздер.
- Мақала мәтіні.
- Әдебиеттер.

Тезистерді ресімдеуге қойылатын талаптар

Тезистерді ресімдеуге қойылатын талаптар мақаланың көлемінен (тезистердің көлемі бір беттен аспайтын), аннотацияның, әдебиеттер тізімінің және түйінді сөздердің болмауынан ерекшеленеді. ӘОЖ көрсету қажет.